

**Павлодар ауданы халқының нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғау жөнінде 2013 жылға арналған қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 2/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 қаңтарда N 3387 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 10 қазандағы N 400/10 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 10.10.2013 N 400/10 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7, 18-1, 18-2-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы» № 836, 2011 жылғы 18 шілдедегі «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» № 815 қаулыларына сәйкес және халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек нарығындағы жағдайға және бар бюджет қаражатына сүйене отырып, нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) елу жастан асқан әйелдер және елу бес жастан асқан ер адамдар;
- 3) ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 4) бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ отбасының тұлғалары;
- 5) «Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша кәсіби даярлау және қайта даярлау курсынан өткен жұмыссыздар.

2. Т ө м е н д е г і :

- 1) Павлодар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 тамыздағы «Павлодар ауданы халқының нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмыспен қамту саласында

әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар туралы» № 396/8 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3221 тіркелген , 2012 жылғы 21 қыркүйектегі «Нива» газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.В. Г у б а р е в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*міндетін атқарушы*

*А у д а н ә к і м і*  
*Б. Әбиев*